



Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы
Әдістеме - библиография бөлімі

«Кітапхана ісі.

Жаңа терминдер сөздігі»

Әдістемелік құрал



Арқалық
2020 жыл

Құрастырушыдан

Қазіргі кезде, жаңа ақпараттық технологиялар заманында, кітапхана терминдері санының өсуі мен сан алуан түрлерінің көбеюіне байланысты, кітапхана терминологиясын реттеу мәселесі бірінші орынға қойылып отыр. Осыған орай, оны реттеудің түрлі үлгілері ішінде (ұсынылатын терминдер жинағы мен тізімін жасау, т.б.) терминдер сөздігін құрастыру іріктеліп алынды, себебі, басылымдардың бұл түрі өзінің лексикографиялық теориядағы қол жеткен табыстары мен дәстүрге ерекше көп енуі тұрғысынан қарағанда, аса кең таралған үлгі.

Әдістеме-библиография бөлімі **«Кітапхана ісі. Жаңа терминдер сөздігі»** тақырыбында әдістемелік құрал құрастырып шығарып отыр. Бөлімде кітапханашыларға көмекші әдістемелік құралдарды құрастырып шығару үлкен жолға қойылған.

Бұл жинақ кітапханашыларға анықтамалық ретінде жаңа қолданыстағы сөздік қорлары мен жаңа жұмыс түрлеріне түсініктеме берілген. Жинақ кітапханашыларға, мәдениет мекемелерінің қызметкерлеріне, оқырмандардың кең тобына арналған. Сондықтан бұл жинақ кітапхана саласына тигізер септігі мол болары сөзсіз. Сондай-ақ бұл жинақ кітапханашылар мен оқырмандардың жаңа терминдерді игеруіне мол мүмкіндік береді.

Webinar – Вебинар (онлайн семинары немесе онлайн курсы). Онлайн семинары (онлайн курстары) – тұсау кесер, лекциялар, семинар немесе курс, вебтехнологиялар көмегімен нақты уақыт режимінде ұйымдастырылады. Вебинар (онлайн семинары немесе онлайн курсы) кезінде әр қатысушы өз компьютері қасында болады, ал бір-бірімен қатынас ғаламтор арқылы жүргізіледі.

Online chat – бұл осы сайттағы қолданушылардың бәрі соның ішінде жиналып бір бірімен сөйлесе алады, былай айтқанда жиналыс секілді, сіз де кіріп сөйлесе бересіз, online-қосулы, chat-сөйлесу деген мағынада.

Chat – Чат (ағылшынша to chat – сөйлеу) – бұл интернет арқылы тікелей қарым-қатынас жасау. Чаттың мазмұны «осында және қазір» ғана бар – чат терезесінде оған қатысушылардың хабарламалар ағыны жүгіріп тұрады. Чатта сөйлесу үшін өзіңе ат таңдау керек, оны ник дейді, жазған хабарламаларыңыз сол атпен чат ағынында көріне бастайды.

Блогсфера – Блогерлердің тіршілік аймағы. Блогерлер ортасы. Блогерлер жиыны, түрлі іс-шаралары.

Блог-құрылтай – жылына бір рет өтетін кең көлемдегі жиын. Мақсат – танысу, білісі, тәжірибе алмасу, бірге қыдыру, қаламен танысу. Қатысу үшін жарна алынбайды, шығындары демеушілер тарапынан жабылады, сәйкесінше олардың да талаптары орындалады.

Блог-тур – Блогерлер арқылы жарнама жасауды көздейтін экскурсия түрі. Тапсырыс беруші жақтың талаптары бойынша блогерлер көрген білгендерін репортаж, сұхбат форматында жазады.

Библиофреш – (англ. fresh – жаңарған) жаңа кітаптарға библиографиялық шолу жасау.

Библиогид – кітапхана шараларына айналып жасалатын анонс. Қысқалығымен және бізмезгілдігімен ақпараттың тығыздық деңгейімен ерекшеленеді.

Буккроссинг – (ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі) – «өзің оқысаң, өзге табыс ет» қағидасына негізделген хобби мен адам және кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Буккроссингтің ережесі бойынша, кез-келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын қоғамдық көпшілік орындарда (саябақ, кафе, кітапхана және т.б.) қойып кете алады, кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң, ол да кітапты орнына тастап кетеді, дәл осылай ол кітапты басқа оқырман оқи алады.

Шеберлік – сынып – Кәсіптілікті жоғарлатудың ең бірінші түрі, авторлық бағдарламаның тәжірибелік және теориялық білімін хабарға бағдарлау.

Кітапхана кітапханалық қызметте әртүрлі бағдар бойынша шеберлік сыныптар өткізеді.

Шығармашылық лаборатория – Өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеуге және оқытудың түрлі формаларын қолдануға мүмкіндік беретін, оқытудың кешенді формасы. Шығармашылық лабораторияның мақсаты: кәсіптік байланысты құру үшін коммуникациялық алаң құру, жаңа идеялармен және инновациялық жұмыс тәжірибесімен алмасу, кәсіби шеберлікті үйрену.

Челлендж (Challenge) – ағылшын тілінен аударғанда біреуге үндеу тастау, белгілі бір іс-әрекетке шақыру дегенді білдіреді. Әдетте виртуалды челленджерде бір адам жасаған іс-әрекетін видеоға түсіріп, көп халықтың назары шоғырланған платформаларға жүктеуі немесе бейнежазба соңынан өз достарын сол әрекетті қайталауға шақыруы арқылы жүзеге асады. «Челлендж» сөзі ағылшын тілінен аударғанда шақыру деген мағына береді.

Инфографика – бір блокта біріктірілген кескіндер, мәтіндер, сандық мәндер. Кейде бұл ақпаратты оңайырақ қабылдауға көмектеседі.

Кітапхана маркетингі – бұл қызмет көрсету концепциясы, бұл күтудің басқару үрдісі, пайдаланушылардың мүмкіндігі мен нақты максималды толық қанағаттандыруы, әртүрлі топтармен эффектті басқарудың байланысы.

Кітапханалық маркетингі - жоғары сапалы кітапхананың жұмыс атқаруына байланысты, әртүрлі ақпараттық бос уақыттық түрінде оқырмандардың келуіне ынталандыру, үйірме, жарнама және т.б. қызықтырып біріктіру, қатысушылық санын көтеру, кітап беру, оқуы, кітапхана қорына үндеу жасайды.

Кітапханалық жарнама – Кітапхана, оның көрсететін қызметі және өнімдері, нағыз мүмкіндігі бар пайдаланушыларға хабарлау мақсатында және қызмет пен өнімдер сұранысын ынталандыру туралы ақпарат. Жарнама мақсаты – кітапхананы әйгілендіру және оның ресурстары мен қызметіне сұранысты көтеру.

Кітапхана логотипі – Кітапхананың ауызша – бейнелеу символы, толық, ықшамдалған немесе тақырыптың аббревиатура түрінде болады.

Фэйк (ағ. «fake» - «жалған») – жалған аккаунт; жалған көшірме.

Фрилансер (ағ. «freelancer») – бір уақытта әр түрлі клиенттердің тапсырмасын орындай алатын тәуелсіз қызметкер, жеке маман.

Фотосет (ағ. «photo set») – фотосессияда түсірілген фотосуреттер сериясы.

Фандом немесе фэндом – Фандом – фэндом немесе фандом, ағылшын тілінен fandom – «фанаттар қауымдастығы» деген мағынаны білдіреді. Бұл негізінен қызығушылықтары ортақ адамдардың қандай да бір танымал адамдарға, шығармаларға, топтарға бірігіп серіктестік пен ықылас танытуын

бейнелейтін жанкүйерлерден (фанаттардан) тұратын субкультура. Фэндом термині бізге ағылшын тілінен келген. Бастапқыда бұлсөз «ғылыми фантастикамен әуестенетін адамдардың тобы» мағынасын білдіретін, бірақ кейінен мағынасы бұдан да кеңейе түсті. Батыс фэндомдарындағы шығу тарихы фантастикамен байланысты.

Филантроп – мұқтаж жандарға (жеке тұлғалар, ұйымдар мемлекеттік институттарға, мемлекеттерге) материалдық көмек көрсетуге бағытталған іс-әрекетті ұйымдастырушысы.

Модератор – Модератор дәрежесіндегі қолданушылар барлық мүмкіндіктерге ие, және сонымен қоса қойылған сұраққа жақсы жауап таңдай алады, және қолданушылардың IP-адресін көре алады. Модераторлардың жалпы атқаруға тиісті міндеттері: Сұрақтарды сайт ережесіне сай өңдеп, ережеге сай келмейтіндерге жасырып отырады. Қолданушыға тиісінде ескертулер беріп отырады, нәтиже шығармаған қолданушыны сайттан белгілі бір уақыт аралығында құлыптауға құқылы. Сонымен қоса қойылған сұраққа жауап таңдап отырады. Сайттағы сұрақтардың мағынасына үлкен мән беруі қажет.

Модераторлар сайт әкімшілігінің негізгі бөлімін құрайтын болғандықтан сайтқа байланысты маңызды шешім қабылдана алдында модераторлар өзара дауысқа салу арқылы қабылданады. Модераторлар қолданушыларды Редактор не модератор дәрежесіне ұсынар алдында өзара дауысқа салып, шешім қабылдау қажет.

Ескерту: модератор не супер модератор дәрежесіндегі қолданушы сайтта белсенділігін азайтып, 1 ай ішінде сайтқа сұрақ не жауап жазбаған жағдайда және ешқандай сұрақ не жауаптарды өндемеген жағдайда сайт әкімшілігі қолданушыны редактор дәрежесіне төмендетуге құқылы. Және модератор дәрежесіндегі қолданушы кез-келген уақытта өзінің дәрежесінен бас тарта алады.

Печа-Куча (Pecha Kucha) – жобалар мен идеялардың қысқа, шектеулі уақыт аралығында, Pecha Kucha Nights бейресми конференцияларында баяндалатын дербес тұсаукесерлер. Сөйлеуші 20 слайдтан тұратын тұсаукесер баяндамасын ұсынады, әр слайд 20 секундтан көрсетіледі де, автоматты түрде келесі слайдқа көшіріледі. Осылай баяндама уақыты 6 минут 40 секунд немесе 6 минутқа шейін шектеледі. Баяндамалар бірінен соң бірі ұсынылады. Олардың саны әдетте 8 бен 12 ге дейін болады.

Семинар-тренинг – қызметкерлерді оқытудың интеграцияланған түрі, онда семинардың дәстүрлі түрімен қатар кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату элементтері және мәселелік оқытудың әдісі ретіндегі тренинг элементтері біріктірілген. Кітапхана тәжірибесінде кітапханаға жаңа

технологияларды енгізу бойынша, қазіргі басқару принциптеріне (стратегиялық жоспарлау мен жобалау, қызметкерлерді басқару) үйрету бойынша семинар-тренингтер кең қолданысқа ие.

Слоган (ағ. «slogan») – жарнама ақпараты қысқа-нұсқа етіп берілген жарнамалық ұран.

Месседж – бұл ағылшын тіліндегі медиа сөз, оның қазақ тіліндегі мағынасы «жеткізгің келген ой», «хабарлау». Яғни күнделікті қолданып жүрген мессенджерлеріміз месседж алмасу құралы.

Мониторинг – кітапханаларды дамыту бағдарламасын іске асыру барысында туындайтын мәселелерді анықтау және дамыту тенденциясын, жай-күйін бағалау үшін арнайы ұйымдастырылған жинақтау жүйесі мен ақпараттық талдау. Әдістемелік мониторингтің объектісі – кітапхана қызметінің динамикалық көрсеткіші, кітапханалық жұмыстарды құжаттар арқылы көрсету. Есеп пен статистикалық көрсеткіштерді зерттеу.

Паблик рилейшнз – қоғаммен байланыс, пиар (англ. Public Relations – қоғаммен байланыс). Бұл кітапхана қызметі, қалыптасуы, кітапханаға қарым-қатынасын дамыту мен қамқорлығы. ПР шарасына әлеуметтік жобалар кіреді, көрме циклдері, акциялар, флеш-мобтар, жаңа басылымдардың тұсау кесерлері, өнер мен ғылым қайраткерлерімен кездесулер және т.б.

Смарт – «smart» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» дегенді білдіреді. Смарт – бұл неологизм, сын есім ретіндегі негізгі мағынасы – парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде – ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді. Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы: Смарт-жоба, Смарт-мақсат. Т.б.

Тренд (ағ. «trend») – белгілі бір саладағы үрдіс, ағым, тенденция.

Флешбук – дәйексөз, сурет және басқа кітап туралы ақпарат арқылы қызықты бір кітапқа тұсаукесер өткізу.

Флэш-моб – алдын-ала жоспарланған бұқаралық акция, жалпы адамдар тобымен қоғамдық орындарда жиналады, алдын-ала сөйлесіп жасалатын қозғалыс, және содан соң таралады.

Фандрайзинг – бұл кітапхананың қаражатын бюджетсіз қатыстыру.

Коллаборация – коллаборация әдетте әріптестік сөзінің ұғымы, қандай да бір саладағы екі немесе одан да көп адамның, ұйымдардың ортақ жетістікке жетудегі біріккен қызметі я әрекеті. Оның барысында білім мен тәжірибе алмасу, келісімге келу жүреді.

Коуч – ол табысқа жетуді үйретуші, тренер. Сізді жетістікке нұсқаушы, маман. Коучке табысқа жетуде проблемас бар кез келген мамандық иелері, барлық жастағы адамдар жүгінеді. Өмірлік мақсатын айқындай алмай жүрген, өзіне лайықты мамандықты таңдай алмай жүрген, қайта-қайта шалыс басып әбден шаршаған, іскерлік кездесулерде жолы болмағыштау, бастығымен жақсы қарым-қатынас орната алмай жүрген жандардың бәрі коуч қызметіне жүгінеді.

Коучинг – бұл клиенттерге өзінің жеке және кәсіби өмірінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін үздіксіз ынтымақтастық. Коучинг процесі арқылы клиенттер өз білімдерін тереңдетіп, өмір сапасын арттырады.

Фидбэк – бұл сәнді сөз англо-саксонның «feedback» сөзінен алынған, қазақ тіліне аударғанда «кері байланыс», «қайтарым» деген ұғымды білдіреді. Feedback – тікелей аудармасы «кері тамақтандыру». Негізгі мағынасы – пікір, кері реакция немесе қайтара әрекет. Мәселен, көп сайтта фидбэк деп оқырмандармен кері байланысты айтады, олардың қандай да бір контентіне я тауарына баға мен пікірін білу барысында қолданылады. Бұл сөзді әсіресе музыканттар жиі қолданады. Сала мамандары зор айтылған дыбыстың микрофон немесе аспап динамигіне әсерін фидбэк дейді. Қазақ тілінің сөздігінде жоқ болғандықтан, бұл сөздің жазхылу нұсқасында «фидбэк» десек қателеспейміз.

Хэштег – дегеніміз әлеуметтік желідегі іздеудегі сөз немесе орын. **ХЭШТЕГТІ ҚАЛАЙ ҚОЯМЫЗ?** Хэштег былай жазылады. **#Кітапхана** әр сөздің алдына қойылатын таңба #. Осы таңба арқылы, кез-келген мәліметті тауып алуға болады. Бұл таңбаның көмегі өте зор. Қажетті кез-келген ақпараттар мен байқауларды т.б. хештег арқылы жариялау оңай және жылдам тауып аламыз.

Шок-урок – өте өзекті мәселелерге арналған тақырыптарда видеослайд, бейнефильм көрсету арқылы түсіндіріліп өткізіледі.

Блогида – берілген тақырыптар бойынша арнайы жүлде үшін жазылатын посттар жарысы.

Виртуалды көрме – пайдаланушыларға жасалатын ақпараттық кітапханалық қызметінің жаңа түрі, дәстүрлі (кітап) және (электронды) ақпаратты ұсынудың жаңа тәсілі.

Виртуалды оқу залы (ВОЗ) – ғаламтор-ресурстарына жалпы қолжеткізу бойынша жолнұсқа. Алыстағы пайдаланушыларға электронды ақпараттық ресурстары (ЭАО): толықмәтінді, реферативті, библиографиялық және фактографиялық деректер базасына қолжеткізуді қамтамасыз етеді.

Веб-сайт – жеке тұлғалардың немесе мекемелердің компьютерлер жүйесіндегі, бір адреспен (домен атымен) біріккен электронды құжаттардың (файлдардың) жиынтығы.

Дивертисмент кеші – (дивертисмент – франц.тілінен ауд. Көңіл көтеру) тексттік материал мен концерттік номерлер алмасып өткізіледі. Бағдарламасына тамаша қарым-қатынас, демалыс ахуалын келтіру мақсатында әр түрлі музыкалық жанрлар енеді.

Электронды құжат – әдейі құрылған және кеңістікте уақыты шектелген ақпарат көлемі, машина оқитын тасымалдаушыда тіркелген.

Электронды пошта – персоналды компьютерлер арқылы ғаламторда хат алмасу. Әдеттегі пошта – мемлекеттік пошталы қызмет арқылы құжаттарды және хаттармен алмасу болса, электронды пошта халықаралық Интернет желісі арқылы электронды хаттармен алмасу.

Электронды ресурс – электронды мәліметтерден, электронды бағдарламалардан тұрады. Қол жеткізу режиміне байланысты, электронды ресур локалды қол жеткізу және алыстағы қол жеткізу деп екіге бөлінеді.

SMART технология – бұл барлық қолда бар ақпаратты жинақтауға, қолайлы жұмыс мерзімдерін белгілеуге, ресурстардың жетіктілігін анықтауға мүмкіндік беретін заманауи тәсіл. Оның көмегімен көптеген проблемалардың алдын алып, өмір сүру деңгейін біршама жақсартуға болады. Ақпараттар легі артқан сайын кез – келген қызмет түріне де сұраныс артады. Сұраныстарды қанағаттандыру үшін әрдайым смарт бағдарламалар қажет. Ал ол өз кезегінде смарт технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады.

Аккаунт (ағ. «account» - «есептік жазба») – пайдаланушы сайтқа тіркелу үшін толтыратын интернет-«төлқұжат».

Блог – адамның интернеттегі жеке күнделігі, түрлі тақырыптарда ойларын жазатын алаңы. Бұл алаңқай дербес стенделон домендегі блог немесе КерекИнфо, Массажет, Айтабер, Блогтайм, Wordpress.com, Blogspot, ЖЖ; Ювижн сияқты блог-платформаларда ашылған блог. Әлеуметтік желілердегі жеке парақшалармен шатастыруға болмайды. Ол әр адамның виртуал әлемдегі паспорты. Ал, блог – күнделігі, дәптері.

Блогер – блог жүргізетін адам. Оны стилінен, никнеймінен, тақырыптарынан көпшілік онлайн немесе оффлайн танитын адам. Көбіне блогер бірнеше жерде емес, тек бір платформада жазады.

Блоггинг – Блог жүргізу, пікір жазу, блогсфера өміріне белсене қатысу.

Блогкемп-Блогерлер жиналатын қала сыртындағы лагерь жиыны. Түрлі мастер-класстар және демалыс. Еркін форматта пікірталас. Негізгі мақсат – блогерлерді бір жерге жинап, һәм дәріс, һәм демалыс өткізу. Қатысу үшін жарна төленеді.

Менеджмент – кітапхана өндірісінде мен қызметтерді нарық экономикасы жағдайында жоғарғы тиімділікке (экономикалық нәтижелерге) қол жеткізетін мақсаттарды басшылыққа алатын, оның мүдделеріне жауап беретін кітапхананы басқару жүйесі болып табылады. Менеджмент – сонымен бірге қызметкерлер еңбегін рациональді ұйымдастыру, жұмыс тиімділігін арттыру тәсілі болып табылады. Менеджмент – қазіргі заманда екі маңызды міндет атқарады: маркетинг қызметі және инновациялық қызмет.

Желіаралық қосылу – белгілі байланыстар арқылы кез-келген есептеуіш желінің ресурстары басқа есептеуіш желімен және желіаралық қосылумен кез-келген жұмыс станциясы қолданатын есептеуіш желілердің құрамасы, желілер арасындағы байланыс «мөлдір» деп аталады, сондықтан да, желіаралық байланысы бар әр пайдаланушы құрамына біртұтас үлкен есептеуіш желі ретінде қабылдайды.

Мультимедиа – ақпараттың әр алуан түрлері мен нысандарын синкретикалық түрде көрсететін «көптеген орта», бірыңғай кеңістік. Бұл компьютерлік технологияның ерекше түрі.

Сөздікті теру – каталогта немесе индекстеуде міндетті түрде қолданылатын түйінді сөздер немесе терминдер тізімі.

Кітапханалық ақпараттық ұлттық қор – кітап палатасы, кітапханалар, техникалық ақпарат ұйымдары арасында таратылатын тұрақты сақтау және қоғамдық қолдануға арналған міндетті даналардың барлық түрінің жиынтығы.

Информация тасушы – ақпаратты бекітуге, сақтауға таратуға және пайдалануға арналған материалдық объект (басылым, микроформа, магниттік таспа, оптикалық диск)

Оптикалық енгізу – деректерді оқу (мысалы, сканерлер) және символдарды (бейнелерді айырып танудың бағдарламалық құралдарының жұмысын қолдайтын оптикалық тәсілдерді енгізу. Көрсетілген тәсілдерді нақты іске асырудың сипатына байланысты оптикалық енгізуді қолмен (автоматтандырылмаған), жартылай автоматтандырылмаған немесе автоматтандырылған енгізудің бір түріне жатуы мүмкін.

Оптикалық диск – лазерлік суле арқылы оқылатын және жазылатын информацияға арналған диск. Информациялық машиналық тасушы.

Паблик рилейшнз – жеке адам, ұйым және басқа адамдар тобы немесе қоғамға өзара түсіністік пен тілектестік орнатуға арналған түсіндірме материалдар, пікір (ақпарат) алмасудың дамуы және қоғамдық пікірімен санасу.

Паблици – жарнама. Насихаттау науқаны.

Десте – тақырыбы мен деректер өрісі енгізілген белгілі бір құрылымы бар тораптық деректерді тарату желісіндегі деректер блогы. Берілетін ақпарат бірнеше дестеден тұруы мүмкін.

Пейпербек – көпшілік таралыммен шыққан, қағаз мұқабалы қалталық басылым.

Пентиум – Intel фирмасы микропроцессорларының маркасы.

Шығармашылық ұрлық - біреудің идеясын, техникалық шешімдерін, жаңалықтарын, шығарманы жартылай немесе толық, түпнұсқаны көрсетпей тікелей иелену, авторлықты иемдену.

Шығармашылық ұрлық – біреудің идеясын, техникалық шешімдерін, жаңалықтарын, шығарманы жартылай немесе толық, түпнұсқаны көрсетпей тікелей иелену, авторлықты иемдену.

Тұсаукесер, беташар – бір нәрсені белгілі бір ортаға таныстыру (баспасөз, фирма өкілдері және т.б.)

Кітапхананы пайдаланушы – кітапхана қызметіне жүгінуші жеке тұлға немесе ұжым.

Баспасөз-хабаршысы – баспасөз бетіне жариялауға ұсынылатын белгілі бір зат, фирма немесе оқиға туралы дайын мәлімет.

Хаттама – екі немесе бірнеше тәуелсіз құрылғылар немесе процестер арасында ақпараттар алмасуды реттейтін ережелер жиынтығы. Кей процестердің барысы мен нәтижелері туралы ақпараттың хронологиялық тәртіпте жазылуы.

Репринт баслым, Репринт – басылымның беттерінен көшіру жолымен іске асыру арқылы жаңғыртылып шығарылуға арналған басылым.

Құжатты қалпына келтіру, жөндеу – құжатты алғашқы қалпына келтіру. Құжаттың пайдалану қасиетін және түрі мен сыртқы бейнесін қалыпқа келтіру және жақсарту.

Реституция – келісім-шарт заңсыз деп танылған жағдайда келісім бойынша алынған мүлікті қарсы жаққа қайтару. Халықаралық құқықта – бір мемлекеттің соғыс кезінде басқа мемлекеттен басып алған мүлкін қайтаруы.

Ретроөңгізу – карточкалық каталогтардағы библиографиялық сипаттаманы электрондық дерекбазасына ауыстыру процесі.

Топтама әдебиеттер – мазмұны және пішіні жағынан нақты анықталмаған және өзгермелі құжаттар түрі. Олар кітап баспасының дәстүрден тыс әдісімен шығарылады: бұл – ғылыми баяндамалар, шолулар, жылдық есептер, сарапшылар қорытындылары.

Маңызды мәліметтер – мемлекеттік библиографиялық орталықтар арқылы шығарылып бірегей бекітілген мәліметтер, басылымдарды дайындауға

қатысқан авторлар, құрстырушылар және басқа да тұлғалардың аты-жөндері; ұжымдар; авторы белгісіз классикалық шығармалар аталымы, индекстеу терминдері, серия атауы, басылым орны, баспа және типографияның атауы.

Беделді файл – мөлшерлі сипаттаманың машина оқитын жазбасы. Мөлшерлі жазу ЭЕМ-де (электронды есептеу машинасы) сақталады және көбіне мөлшерлі мәліметтер деп аталатын мөлшерлі жазбалар файл түрінде беріледі.

Аллигат – әдетте пішінге ұқсастығы немесе пішінге жақындығы бойынша сақтауға қолайлы, бір томға түптелген, көлемі шағын басылымдар, қолжазбалар, мақалалардың жеке басылымдары.

Талдау – тұтасты құрамдас элементтерге бөлшектеуден тұратын ғылыми әдіс. Бір нәрсені қарау, талдау.

Артотека – бейнелеу өнерімен байланысты және осы саладағы ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыратын изобасылымдар, өнер шығармаларының көшірмелері, аудиовизуальды материалдар мен басқа құжаттар қорын қалыптастырушы мамандандырылған кітапхана немесе көпшілік кітапхананың бөлімшесі.

Желі - өзара мәліметтер тарату ортасы: топсым, радиоарналар т.с.с. арқылы байланысқан құрылғылар (шеткі жұмыс бекеттерінің байланыс тораптарының) жиынтығы.

Сигнет – баспа, типографияның немесе басылымда авантитулда, титул бетінде, мұқабада немесе түптеуде жаңғыртылған топтаманың фирмалық белгісі, эмблемасы.

Синтез – қандай да бір құбылыстың, оның бөліктерін бірлікте және өзара байланыста зерттеу әдісі. Талдаумен алынған деректерді біртұтас қорыту, жинақтау.

Слайд – нысандалған сәуле арқылы немесе экранда түзіліп жарыққа түсірілген кескінмен көретін, түссіз мөлдір негізде бейнеленген жеке позитивті құжат.

Құжаттарды сақтау – пайдалану қасиеттері сақталу дәрежесімен сипатталатын құжаттар жағдайы.

Салыстырмалы типология – кітапханаларды, олардың ерекшеліктерін, сонымен қатар, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау мақсатында салыстырмалы түрде зерттейтін кітапханатану бөлімі.

Құжатты бір қалыпты ұстау – құжатты арнайы өңдеуден өткізу арқылы мезгілінен бұрын тозу мен бүлінуден сақтау. Құжатты бір қалыпты ұстау жеке көпшілік түрде болады.

Тезаурус – дескрипторлы ақпараттық-ізвестіру тілінің лексикалық бірліктері арасындағы семантикалық қарым-қатынасын бейнелеп көрсетіп және

мағыналы мазмұнына қарай арналған сөзді іздестіретін автоматтандырылған сөздік.

Тезаурусты жүргізу – тезаурус дескрипторын қолдану, пайдалану жағдайын жинақтап қорытатын технологиялық процесс, терминдерді енгізу, пайдалану жайлы ұсыныстар, парадигмалық қатынастарды түзету.

Типология – сапа белгісі жағынан тұрақты ажыратылатын жинақтардың қалыптасуы. Типологизацияның қажеттілігі көптеген біртекті емес кітапханалық объектілердің ретті сипаттамаларының қажеттілігіне байланысты немесе осындай көпшілікті талдау негізіндегі заңдылықтарды зерттеуден пайда болады.

Файл – белгілі бір деректер базасы аясындағы біртекті жиын. Мысалы, бір текті авторлар көрсеткіші, әкімшілік-аумақ бірлігінің немесе физико-географиялық атаулардың алфавиттік көрсеткіші.

Фандрейзинг – қаржыландырудың қосымша көздері. Олар: қайырымдылық, меценаттық, демушілік, халықаралық қорлардың гранттары, жеке қайырымдылық қызмет, ақылы қызмет, сату және т.б.

Жіктеудің фасеттік әдісі – көптеген кітапхана объектілері кескіндерінің тәуелсіз жіктеу топтарына қатар бөлінуі.

Сақтау пішімі – деректер базасына жазбаларды ұсыну жинақылығын жұмысшы форматқа және кері қарай өтуін қамтамасыз етеді.

Цифрлық кітапхана – информациялардың барлық түрлерін біріктіретін және онымен жұмыс кезінде сұранысқа жауап ретінде білімнің әртүрлі саласынан деректер алуға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе.

Көмей – әртүрлі желілер мен желілік құрылғыларды біріктіретін программалық ақпаратты кешен.

Экслибрис – кітап белгісі, кітап иелігін айқындайтын таңба немесе белгі және кітап ісіндегі қызметі үшін марапат.

Экстериорика – белгілі бір аумақ (көбінесе мемлекет) туралы одан тыс жерлерде басылып шыққан әдебиеттерді қамтитын кітапхана қорығың бөлігі немесе сол әдебиеттер туралы библиографиялық ақпарат.

Электронды пошта – ЭЕМ желісін пайдаланушылар арасындағы хабарды жеткізу және оны сақтау құралы.

Электрондық каталог – кітапхана оқырмандарына нақты уақыт аралығында жұмыс істейтін, әрі машина арқылы оқылатын кітапхана каталогы.

Бейне мәтін – пайдаланушылардың көпшілігіне бір мезгілде ұсынылатын теледидар экрандарында немесе дербес дисплейде бейнеленетін ақпараттық жүйе.

Виртуалды кітапхана – электронды басылымдар түріндегі ғылыми ақпарат қоры және «шетсіз» дерекбазасы мен деректер жиынтығына кіруді қамтамасыз ететін телекоммуникациялары бар электронды кітапхана.

Бюджеттен тыс қор – мемлекеттік бюджетке енгізілмеген, белгілі бір мақсатқа қолданылатын мемлекеттің ақша қаражаты (мысалы, мемлекеттік зейнеткер қоры, жұмыс бастылық қоры, мемлекеттік сақтандыру қоры.)

Воката – басылымда композициялық – ритмикалық мақсатта қолданылатын таза бет.

«Бүкіл дүниежүзілік шырмау» (Желі) – гипермәтінді логикаға негізделген әртүрлі деректер базасынан құжаттарды іздестіруге арналған Интернет желісінің қолданбалы қызметі.

Магниттік иілгіш диск – дербес компьютерлерге еркін кірудің сыртқы жады ретінде қолданылатын тасымалдағыштағы алмастырмалы магнитті иілгіш диск.

Голограмма – голографиялық техника арқылы белгіленген, бейнелеу құрайтын фотоқұжат.

Грант – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылма жұмыстарын жүргізуге мемлекет немесе басқа қор тарапынан қаржыландыратын тапсырыс.

Дайджест – мерзімді басылымда кітап ісі библиография жағдайы туралы жарияланған мақалалардың тұжырымдамасы.

Деректер – сандық және басқа түрде берілген – мәліметтер, деректер, көрсеткіштер.

Дейтаграмма – хабардың бөлігі еркін кез-келген ретпен, тіпті, мүмкін әртүрлі бағытпен жіберілетін мәліметтерді тарату әдісі. Қабылдап алатын машина үзінділерді қажетті ретпен жинайды. Оның таралуы барысында дейтаграммалардың жоғалуы мүмкін.

Депозит – құжаттарды кітапханаға, құжаттық немесе ақпараттық орталықтарға депозиторлық меншіктік құқығын сақтай отырып орналастыру.

Дескриптор – индекстеу кезінде құралатын мәтіндік немесе басқа материалдан емес, арнайы сөздіктен таңдалатын дескриптік ақпараттық-іздестіру тілінің лексикалық бірлігі. Дескрипторлар түйінді сөздерден оларға мәнділік мағына берумен ерекшеленеді.

Динамикалық үлгі – кітапхана жүйесінің дамуын болжайтын және жобалайтын құрал.

Диск – ақпарат тасымалдағыш. Магниттік диск әдетте ферролакпен кобальт-вольфраммен қапталып алюминийден жасалады. Ақпарат дисктің екі жағына да магниттік жолдарға жазылады.

Дискета – арнайы қорғалған, пакетке салынған кіші өлшемдегі магнитті дискета.

Диск жетек – дискті айналдыратын тетік. Ақпаратты дискіде сақтауға және оқуға арналған құрылғы (сыртқы жад құрылымы).

Дисплей – дағды бойынша электронды-сәулелік құралдың экранында ақпаратты визуальды бейнелеуге арналған қондырғы. Дисплейлер әліпбиі-сандық және бейнесызбалық болып бөлінеді.

Шарт – бір немесе бірнеше тұлғаның азаматтық құқығы мен міндеттерінің анықталуы, өзгертілуі немесе тоқталуы жөніндегі келісім.

Құжаттық жазба мұра – заңмен қорғалатын және қоғамдық мәнді ғылыми, тарихи және мәдени құндылығы бар көрнекті рухани, эстетикалық немесе құжаттандыру құндылығына ие жеке жазба құжаттар.

Құжат – сақтау және қоғамдық пайдалану мақсатында уақытпен кеңістікте берілуге арналған ақпараттық мәтін, дыбысжазу және кескін түрінде белгіленген материалдық объект.

Жіктеудің иерархиялық әдісі – көптеген кітапханалық объектілердің тәуелсіз жіктелу топтарына ретімен бөлінуі.

Инкунабула – XV ғасырдың 40 ж. мен 1501 ж. 1 қаңтарына дейінгі аралықта басылған кітап.

Инновация – кітапханаларда жүзеге асырылатын өнімдер мен қызметтердің қазіргі имиджін, қызмет көрсету сапасын, басқа кітапханалардың арасында бәсекелестік қабілеттілікті қолдау мен детілдіруді қамтамасыз ететін технологияның, басқарудың нысандары мен әдістерінің жаңартылуы.

Интернет – TCP/IP хаттамаларын пайдалана отырып, ауқымды желі құратын желілер жүйесі.

Интержелі – көпір, маршрутшы немесе көмей арқылы байланысқан бірнеше аумақтық алыстатылған жергілікті желі.

Интражелі – бір немесе бірнеше көрші мекемелердің жергілікті желілерінің жиынтығы.

Интерфейс – байланыс құралдарының жүйесімен өзара қатынасын қамтамасыз ететін құралдар мен ережелердің жиынтығы.

Ақпараттық инфрақұрылым – ақпараттық индустрияның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, бірақ оның құрамына енбейтін шаруашылық салаларының жиынтығы (полиграфиялық, өнеркәсіп, кітап саудасы, пошта және телефон, телеграфтық байланыс, теледидар және т.б.).

Капитель – әріптерінің биіктігі кіші әріпке тең, бірақ бас әріп түрінде терілген қаріп.

Кипсек – сәнмен көркемделген кітап/альбом.

Түйінді сөз – жіктеуде немесе каталогтан іздестіруде, библиографиялық сипаттамада немесе индекстеуде қолданылатын сөз немесе сөз топтары, рәміздері.

Компакт-диск – ақпарат тасымалдағыш. Есте сақтау көлемі 4.75 дюйм стандартты компакт-дискінің жады 600 мегабайт (300 мың басылым немесе 150 диск).

Каталогтарды конверсиялау – каталогты бір түрден басқа түрге аудару. Мысалы: каталогта карточкалық түрден – микротасымалдағышқа, компакт-дискіге немесе кітап басылымына. Сараптау, аудару және т.б. процестер енеді.

Құжатты консервациялау (бұзылудан сақтау) – Сақтау, тұрақтандыру және қалпына келтіру тәртібі арқылы құжаттың сақталымын қамтамасыз ету.

Құпия ақпарат – еркін пайдалануға заң жүзінде шек қойылған, құжатталған ақпарат.

Лаг – себеп-салдарға байланысты екі құбылыстың немесе процестердің уақыт арасындағы ажырауы. Каталогизациялау құжаттың кітапханаға түсуімен ақпараттың каталогта пайда болуы арасында лаг маңызды орын алады.

Лазерлік принтер – лазердің көмегімен бейненің пайда болуы орындалатын принтер.

Маңызды мәліметтер – мемлекеттік библиографиялық орталықтар арқылы шығарылып бірегей бекітілген мәліметтер, басылымдарды дайындауға қатысқан авторлар, құрастырушылар және басқа да тұлғалардың аты-жөндері; ұжымдар; авторы белгісіз классикалық шығармалар аталымы, индекстеу терминдері, серия атауы, басылым орны, баспа және типографияның атауы.

Деректер базасы – сақталатын деректердің құрылымының оларды өңдейтін бағдарламалардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету, жады пайдалануды және қатынас құруды тиімді пайдалану үшін жасалған (жиынтық және көпшілік ұжым мүшелері пайдаланатын) деректер базасы.

Библиотерапия – науқастарға арнайы іріктелген әдебиеттердің көмегімен ауырудың алдын-алу, психогигиеналық және емдеу қалпына келтіру әсерімен кітаппен емдеу.

Кітапханалық маркетинг – пайдаланушыға бағытталған басқару философиясы, сонымен қатар, кітапхана қызметтері нәтижелерін сыртқы әлеммен алмасу қатынасын реттеу тәсілдері болып табылады. Кітапхана ұсыныстары (өнімдері, қызметтері) кітапханалық акцияларды қоғамдық қолодау, кітапхананың қазіргі және жаңа имиджін (келбетін) нығайту мақсатында ақысыз алмастырылады.

Қайырымдылық қызмет – азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтар немесе заңды тұлғаларға мүлікті, соның ішінде, ақша ұсыну, басқа да қолдау көрсету жөніндегі ерікті әрекеттері.

